

# Жобаның ғылыми жаңашылдығы және маңыздылығы

Отан тарихын зерттеудің ерекше маңызы бар, өйткені тарихты зерттеу тек ғылыми мәселе ғана емес - бұл маңызды жалпы мемлекеттік міндет. Отанымыздың тарихын зерттеу, тану - ұлттық сана-сезімді қалыптастырудың бірден-бір жолы. Болашаққа сенімімізді арттыру үшін біз өткен белестерімізді білуіміз керек. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Ж. Тоқаев сол сияқты маңызды мәселелерге үнемі назар аударады.



Компьютерлік технологиялар, жаңашылдық, жаһандану және адамзат қоғамының барлық салаларын цифрландыру дәуірінде өзінің тарихи өткенін сақтап, өз халқының мәдени-рухани мұрасын кейінгі ұрпаққа таратудың маңызы зор. Осыған байланысты мемлекетіміз тарихи жадыны жандандыруға, ұлттық бірегейлікті сақтауға көп көңіл бөледі. Тарихи түп-тамырларымызды, дәстүрлерімізді білмей, жарқын болашақты құру мүмкін емес және бұл бағытта тарихи дереккөздердің, яғни біздің мәңгі өшпес өткенімізді сақтайтын мұрағаттық құжаттардың алатын орны зор.

Қазіргі қоғам тарихи сананы сыни тұрғыдан сипаттайды, яғни тарихи фактілерді, оқиғалар мен қағидаттарды жаңа сапалы деңгейде бейнелейді және бағалайды, яғни тарихи сана-сезімнің терең трансформациясы болып жатыр. Бұл міндеттің терең маңызын қазіргі кезде ғалымдарымыз, ізденушілеріміз Қазақстан үкіметінің тікелей қолдауымен орындалатын «Мұрағат-2025» Мемлекеттік бағдарламасы дәлелдейді. Ұсынылған жобаның мақсаттары мен міндеттерін орындау XIX ғасырдың Солтүстік-Шығыс Қазақстан тарихы бойынша Ресей империясының Сібір комитеті қызметіне негізделген мұрағаттық құжаттар жинағын әзірлеу «Мұрағат-2025» Мемлекеттік бағдарламасының мақсатына сәйкес келеді және бағдарламаның тәжірибелік орындалуын көздейді.

Жалпы орталық органдардың, атап айтқанда Ресей империясының шет аймақтарын басқаратын Сібір комитетінің жұмыс тәжірибесі XIX ғасырдағы

Қазақстан тарихының көптеген белестерін анықтау үшін теориялық және тәжірибелік қызығушылық тудырады. Сібір комитеті Ресей империясының Сібір аумағындағы барлық тіршілікті басқарудың көптеген мәселелерін реттейтін, сонымен қатар, заң жобаларын саралау және енгізу жөніндегі арнайы органы болды. 1822 жылғы «Сібір губернияларын батыс және шығыс әкімшілігіне бөлу туралы» жарлығына сәйкес Ресей бодандығындағы Орта жүздің қазақ ру-тайпалары, жерлері Батыс Сібір генерал-губернаторлығының құрамына кірді [1, 48 б.]. Жобада ХІХ ғасырдың Солтүстік-Шығыс Қазақстанның аумағын зерттеудің географиялық шеңбері ұсынылған.



I (1821-1838 жж.) және II Сібір комитеттерінің қызметі нәтижесінде (1852-1864 жж.) Ресей мен Қазақстан мұрағаттарында Орта жүзде қазақ қоғамын Ресей әкімшілік жүйесіне сай ұйымдастыру, реттеу және басқару мәселелеріне қатысты құжаттар мен материалдар жиналды. Алайда, осы уақытқа дейін бұл құнды дереккөздер, тақырып бойынша тарихнамалық шолу көрсеткендей, арнайы және мақсатты зерттеу объектісіне айналған жоқ. Сібір комитетінің мұрағаттық құжаттарында (журналдар, генерал-губернаторлардың есептері, жобалары, жазбалары және т.б.) сол кезеңнің тарихи ерекшелігі мен аймақта империялық саясаттың дәстүрлі қазақ қоғамын трансформациясына тигізген ықпалы туралы білімімізді кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік береді. Қазіргі геосаяси жағдайда Солтүстік-Шығыс Қазақстан маңызды геосаяси өңір ретінде кейбір дау-дамайға негіз ретінде және ұлттық тарихымызға қайшылық тудыратын, ұлттық тарихымыздың оқиғаларын түсіну ағымдағы саяси, экономикалық және қоғамдық-мәдени процестермен байланысты болуы мүмкін. Осыған байланысты ұсынылған ғылыми жоба өзекті, жаңа сапалы зерттеу болып табылады және атаулы отаршылдық кезеңнің тарихын зерттеуге үлкен ғылыми үлес қосады.

Қазақстан тарихы бойынша Ресей империясының заңнамалық дереккөздерін зерттеуге байланысты ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша алдын ала жұмыс барысында жоба жетекшісі, т.ғ.д., Г. Е. Өтепова ХІХ ғасырдағы Қазақстанға қатысты іске асырылған Сібір комитетінің 150-ден аса жоғарыдан бекітілген ережелерін анықтады [2]. Мысалы, «Округтік приказдарда төрағалық лауазымды атқарған үшін Қырғыз даласындағы әскери жасақ басшыларына жалақы төлеу туралы»(1836); "Сібір және Орынбор кеден мекемелері арқылы Қырғыз даласына нанды бажсыз шығару туралы" (1852); "Қырғыз даласындағы жеке меншік алтын кеніштерін

қадағалау туралы" (1852); "Қырғыз даласын геогностикалық зерттеу туралы" (1853) және т. б. Атап айтқанда, Ресей Мемлекеттік тарихи мұрағатында (РМТМ, Санкт-Петербург) № 1264 «Бірінші Сібір комитеті» аталатын арнайы қоры бар.



Осы қормен алдын ала жұмыс істеу барысында келесі істер анықталды: "Сібір комитеті отырыстарының журналдары" (7, 8, 14, 15, 16 І.); "Округтік приказда лауазымын атқарған үшін Қырғыз даласындағы әскери жасақ бастықтарына жалақы төлеуге қатысты іс" (211 І.); "Батыс Сібірді мекендейтін халықтар үшін Далалық заңдар жобалары бойынша іс" (269 І.); "Қырғыздарды, қалмақтарды және басқа да азиялықтарды басыбайлық (крепостнойлық) иелену мерзімі туралы іс" (281 І.) және т. б.

Демек құжаттардың бұл шағын тізімі қазіргі уақытта әлі талап етілмеген және зерттелмеген қаншалықты материал мұрағат қорларында сақталатынын көрсетеді, оларды жариялауға және ғалымдар мен көпшіліктің игілігіне айналдыруға болады. Бұл дереккөздер әлі күнге дейін жеке зерттеудің тақырыбына айналған жоқ. Осылайша, жаңа мұрағаттық дереккөздерді ғылыми айналымға енгізу ұсынылатын зерттеуіміздің маңызын, жаңалығы мен ғылымилығын көрсетеді.

Бүгінгі таңда мемлекетіміздің саясаты мәдени-тарихи мұраны сақтауға және жаңа дереккөздерді ғылыми және көпшілік ортада танытуға бағытталған. Жаңа аумақтарды басқарудың барлық мәселелерін қамтыған Сібір комитеті материалдарын анықтау, жүйелеу, зерделеу және жариялау жөніндегі бұл ғылыми зерттеудің өзектілігі зор, уақыт талабына сай және Қазақстан тарихы ғылымының дамуына елеулі үлес қосады. "Мұрағат – 2025" мемлекеттік бағдарламасын тәжірибеде іске асыру шеңберінде бұл жоба басқа жобаларға қарағанда артықшылыққа ие, сондықтан қаржылануы тиіс.

Тарихи басылымдарды талдау барысында бұл тақырыптың, әсіресе қазақстандық тарихнамада жеке зерттеу нысанында болмағаны анықталды. Негізінен Сібір комитеті атқарған жұмысы Ресейдің шеткі аймақтарында жүргізілген жалпы империялық саясатты зерттеу шеңберінде ғана Ресей ғалымдарының

зерттеулерінде кездеседі. Мысалы, Н.П. Ерошкиннің [3-4], Л.М. Дамешектің [5-6], А.В. Ремневтің [7], А.Н. Маркованың [8] және басқа зерттеушілердің [9-13] еңбектері. Кейбір ресейлік зерттеушілер Ресейдің шеткі аумағын тікелей басқарумен айналысатын мемлекеттік ұйымдардың қызметін зерттеуге, олардың рөлі мен маңызын көрсетуге тырысты. Олардың ішінде А.В. Комаровтың [14], Р. Ю. Почекаевтың [15], В. А. Волчектің [16], И.В. Побережниковтың [17], А.В. Постниковтың [18], В. Трепавловтың [19] зерттеулері. Бұл авторлар империяның орталық органдарының шет өлкедегі жұмысы аймақтардағы белгілі бір өзгерістерді әзірлеу мен жүзеге асыруда маңызды рөл атқарғанын атап өтті. Зерттеуші А. С. Кузнецов "1852 жылғы Сібір патшалық бағдарламасы" мақаласында Сібір комитеті қызметінің маңызын атап өтті, "Сібірдегі үкіметтік саясатты қалыптастырушы орган... Есептері қарастырылған кезеңде шешілген және шешілмеген істердің саны туралы жалпы түсінік алуға мүмкіндік береді, істің мәні және олар бойынша қабылданған шешімдері туралы немесе істің шешілуіне кедер жасаған себептері қысқаша ақпарат береді. Бұл ақпарат Сібір комитеті отырыстарының журналдарында толығырақ берілген " [20, б. 11]. Бірақ Сібір комитетінің жалпы Қазақстан аумағындағы, атап айтқанда Солтүстік-Шығыс Қазақстанға қатысты қызметіне арнайы зерттеулер жоқ. Демек, Сібір комитетінің қызметін, оның журналдарын, отырыстарын және Қазақстанның жаңадан қосылған аумақтарын басқару жөніндегі есептерін зерделеу әлі толық зерттелмеген тақырып болып табылады, баламасы жоқ, бұл жобаның таңдалған тақырыбының ғылыми жаңалығын ерекше көрсетеді және растайды.

Қазақ ғалымы С.Д. Асфендияров Қазақстан тарихы бойынша тарихи дереккөздерді зерделеу және айналымға енгізу қажеттілігін көрсеткен алғашқылардың бірі болып жазды [21]. Қазақстандық зерттеушілер негізінен ХІХ ғасырдағы қазақ қоғамының қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы жазды, олардың ішінде Б.С. Сүлейменов пен В.Я. Басиннің [22], С.З. Зимановтың [23], К.А. Жиренчиннің [24] белгілі еңбектері бар. Зерттеушілердің жаңа буыны Ресей империясы құрамындағы Қазақстан тарихын зерттеуге өз үлесін қосты. Мысалы, А.М. Әбділдабекова [25], Б.М. Абдрахманова [26], С. Акимбеков [27], Г.Б. Избасарова [28], Г.С. Сұлтанғалиева [29] және т. б.



Г.Е. Отепова

Кейбір кезеңдерде зерттелетін тақырып бойынша қазақ қоғамының өмірін сипаттайтын құжаттар мен материалдар жинақтары, Ресей империясының кейбір заңнамалық көздері жарияланды [30-35]. Бірақ бұл жинақтарда қазақ өлкесінің тарихына қатысты Сібір комитеті қызметінің құжаттары мен материалдары іс жүзінде жоқ. Сібір комитеті атқарған жұмысы зерттелетін кезеңде қазақ қоғамының өмірін реттейтін империяның белгілі бір заңнамалық актілерін әзірлеуге тікелей әсер етті. Бұл заңнамалық дереккөздер жоба жетекшісі Г.Е. Отепованың ғылыми жарияланымдарында көрініс тапты [36-38].

Алайда, тақырып бойынша әдебиеттерді талдау көрсеткендей, Сібір комитетінің XIX ғасырда Қазақстан тарихына қатысты тарихи дереккөздерінің кешенді жарияланымдары әлі жоқ, сондай-ақ бұл құжаттардың қазақ қоғамы дамуына тигізген ықпалы туралы ақпарат жоқ. Еліміздің тарихын зерттеуде Сібір комитеті қызметінің маңызын ашатын дереккөздерді талдайтын арнайы жұмыстар да жоқ. Сондықтан бұл зерттеу жаңаша сипатталады, тарихымызды зерттеуге айтарлықтай үлес қосады және басқа жобалардан түбегейлі ерекшеленеді.

Ұлттық ауқымда жобаның көлемді тәжірибелік маңызы бар, өйткені отан тарихымыздың маңызды белестері оқырмандардың кең ауқымына және бұл тақырып бойынша келешектегі ғылыми зерттеулерге қол жетімді болады. Олар XIX ғасырдың Солтүстік және Солтүстік-Шығыс Қазақстан аумағында болып жатқан оқиғалардың объективті шындығын толтыруға және қалпына келтіруге көмектеседі. Бұрын жарияланбаған жаңа дереккөздерді жарыққа шығару нәтижесінде зерттеу кезеңінің мәселелеріне қызығушылық танытқандардың әлеуметтік негізін кеңейеді, оқырмандарға біздің тарихымыздың көптеген қызықты сұрақтарына жауап беруге көмектеседі. Бұл жобаны іске асырудың және алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығын, өзектілігін және тәжірибелік маңызын анықтайды. Осындай күрделі кезең бойынша Қазақстанның объективті тарихын қалпына келтіру осы оқиғаларды халықаралық бағалауға да әсер етеді. Бұл жобаны ресейлік мұрағаттар негізінде жүргізу жоспарлануда, олармен одан әрі өзара ынтымақтастық туралы келісімдер бар, бұл біздің мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға және дамытуға, тарихшы әріптестермен ғылыми ынтымақтастықты кеңейтуге де әсер етеді.

Қазақстан тарихын танымал етуге бағытталған мемлекеттік саясат аясында бұл жобаның халықаралық маңызы зор. Қазіргі кезде Қазақстан әлемде танымал мемлекетке айналды. Көптеген шетелдік тарихшылар, ғалымдар Қазақстан тарихындағы отаршылдық кезеңнің проблемаларына қызығушылық танытып, осы бағытта өз зерттеулерін жүргізуде. Олардың арасында Olcott M. [39], Pierce R. [40], Malikov Y. [41], Demko G. [42], Noda J. [43], Norman H. [44], Campbell I. [45], Frank A. [46], LeDonne J. [47], Evans J. [48], Handley H. [49] және тағы басқалары.

Сондықтан, XIX ғасырда Орта жүз аумағындағы қазақтардың өмірін реттеген Сібір комитетінің жаңа материалдары мен құжаттары осындай шетелдік зерттеулер үшін де негіз бола алады, көптеген аспектілерді зерделеуге және мемлекетіміздің әлемдік үдерістегі тарихы мен маңыздылығын жаңаша бағалауға көмектеседі.

Жұмыс нәтижелері біздің мемлекетіміздің тарихына қатысты Сібір комитетінің жарияланған мұрағаттық материалдары мен құжаттарына сүйенетін болады. Жобаның нәтижелері біздің Ресеймен бірлескен тарихымыздың көптеген қызықты және даулы сұрақтарына жауап береді.

Осылайша, XIX ғасырдың Солтүстік-Шығыс Қазақстан тарихын объективті, кешенді зерттеу үшін жобаның таңдалған тақырыбы үлкен теориялық және тәжірибелік мәні бар. Осы құжаттарды зерделеу және талдау арқылы жергілікті өзін-өзі басқару органдары, олардың орталық мекемелермен байланысы туралы ақпарат алуға болады, олар әкімшілік, сот, салық жүйелерін және Сібір комитеті

енгізген басқа да көптеген аймақтық мәселелерді сипаттайды. Осы құжаттар мен материалдарды жинау және жариялау біздің мемлекетіміздің Ресей империясының құрамындағы тарихының көптеген аспектілерін толықтыруға және объективті түрде көрсетуге көмектеседі, бұл ең күрделі және даулы кезеңдердің бірі. Жалпы алғанда, Ресей империясының Сібір комитетінің материалдары оларды одан әрі кешенді пайдалану және XIX ғасырдағы Қазақстан тарихын зерттеу үшін кең мүмкіндіктер ашады.